2009 жылдың қорытындылары бойынша Банктің негізгі көрсеткіштерінің едәуір өсуі Банк менеджментінің теңдестірілген даму стратегиясының және кәсіпқойлығының арқасында қол жеткізілді:

- активтер 69%-ға;
- кредиттік портфель – 24%-ға;
- клиенттердің депозиттері – 78%-ға;
- өзіндік капитал – 43%-ға ұлғайды.

24. Эмитенттің қызметіне кейіннен елеулі ықпал етуі мүмкін эмитент жасасқан келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

Банк өзінің қызметіне кейіннен елеулі ықпал етуі мүмкін келісім-шарттар, келісімдер жасасқан жоқ.

25. Қызметін жүзеге асыру үшін эмитент алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер.

Банк заңнамасында көзделген банктік және өзге операцияларды ұлттық және шетелдік валютада жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында брокерлік-дилерлік қызметпен номинал ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен айналысуға ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі Агенттігі 2009 жылғы «28» мамырда берген № 1.2.75/83 Мемлекеттік лицензия.

26. Өткізілген өнімдердің көлемі.

Соңғы екі жылдың ішінде өткізілген өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемі. Соңғы екі жылдағы немесе қызмет атқарудың нақты кезеңі үшін эмитент өткізген өнімдердің (көрсеткен қызметтердің, жұмыстардың) көлеміндегі өзгерістерді талдау.

млн.теңге

№	Көрсеткіштер	01.01.2008	01.01.2009	Өзгеріс, %-бен	01.01.2009	01.01.2010	Өзгеріс, %-бен
1	Провизияларды қоса алғанда, берілген заемдар көлемі	2 540 031	1 460 771	- 42,49	1 460 771	3 669 617	151,21
2	Депозиттер	829 287	700 196	- 15,56	700 196	1 584 608	126

Стратегиялық мақсаттарын іске асыру үшін орташа мерзімді перспективада Банктің міндеті кредиттік портфельді ұлғайту және шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеу саласындағы айқындамасын нығайту болып табылады. Жаңа клиенттерді тартуға және ұсынылатын қызметтердің сапасын көтеруге бағытталған бірқатар іс-шаралардың нәтижесінде 2009 жылы депозиттердің өсуі 2008 жылмен салыстырғанда 126% құрады, 2009 жылы берілген заемдардың көлемі 2007 және 2008 жылдардағы осындай көрсеткіштерден едәуір – тиісінше 44,5% және 151,21%-ға асып түсті. Берілген заемдардың неғұрлым үлкен көлемі 2009 жылдың 2-ші жартысында жүргізілді: жалпы көлемнің 75%-ы 01.07.2009 жылдан 31.12.2009 жылға дейінгі кезеңде берілді. Бұл ретте жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлесі 5% (201 144 мың теңгені) құрайды, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге кәсіпкерлік мақсаттарға берілгендер үлесі – берілген заемдардың жалпы көлемінің 95%-ын (3 468 474 мың теңгені). Жалпы көлемдегі қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі) заемдардың үлесі 41%-ды құрайды.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатудың (жұмыстың, қызметтің) табыстылығына жағымды және жағымсыз ықпал ететін факторлар.

Жағымды факторлар	Жағымсыз факторлар
Клиенттік базаның ұлғаюы, кредиттік портфель мен депозиттік базаның теңдестірілген өсуі	Бәсекелестіктің күшеюі, банк операцияларының табыстылығының төмендеуі
Өлшенген және адекватты кредит саясаты, диверсификацияланған кредиттік портфель	Ішкі нарықтағы ресурстар құнының өсуі
Банктің өтімділігі өнімдік сызғышты кеңейтуге және кредиттік бизнесті дамытуға мүмкіндік береді	Қаржылық дағдарыстың Банктің сату табыстылығына жағымсыз ықпалы ретіндегі салдарлары берілген заемдар бойынша провизиялардың ұлғаюына, пайыздық табыстың азаюына алып келді
Білікті және кәсіпқой персонал	
Қазіргі заманғы IT инфрақұрылым	
Банктің акционерлері мен менеджменті өздерінің іс-әрекеттерін Банктің дамуының одан әрі жолдарын іздеуге және оның тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз етуге бағыттайды.	
Тәуекелдерді басқарудың адекватты жүйесі	
Банктің ребрендингі	

28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

1) барлық жеткізулердің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызы үлесіне келетін эмитенттің жеткізушілері: Жоқ.

2) эмитенттің өнімдерін (қызметтерін) өткізуден түскен жалпы түсімнің 10 (он) және одан астам пайызы үлесіне келетін тұтынушылар: Жоқ.

Банк қаржылық ұйым болып табылады, оның қызметінің негізгі түрі банк қызметтерін көрсету болып табылады. Банк қызметтерінің кең ауқымын негізгі тұтынушылар заңды және

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

жеке тұлғалар болып табылады.

29. Эмитенттің қызметіне ықпал ететін шешуші факторлар.

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, эмитенттің маусымдық сипаттағы қызмет түрлері және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі.

Банктің қызметі маусымдық сипатта емес.

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және эмитент экспортқа өткізетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі.

Банкке көрсетілетін және тиісінше Банк өткізетін қызметтердің жалпы көлемінде импорт пен экспорт жоқ.

3) егер бұл мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитенттің активтерінің баланстық құнының он пайызынан асса, облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуға (жасалған) немесе орындалуға тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер.

Банк активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын және облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуға немесе орындалуға тиіс мәміле (мәмілелер) жасамаған.

4) болашақ міндеттемелер. Эмитенттің негізгі болашақ міндеттемелері және осы міндеттемелердің эмитент қызметіне көрсетуі мүмкін жағамсыз ықпалдары ашып көрсетіледі.

«01» қыркүйек 2010 жылдың Банктің болашақта атқаратын міндеттемелерінің құрылымы бойынша

Шот аталымы	Соммасы, мың.теңге	Ескертулер
Басқа да алдын ала төлемдер	1 598	Сейф жәшіктерін жалға алғаны үшін клиенттер төлеп қойған алдын ала ақы
Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеулер	4 110	Төлем мерзімі әлі келмеген есептелген салықтар
Акционерлермен есеп айырысулар	35 212	Төленбеген дивидендтер
Қызметкерлермен есеп айырысулар	23 134	Нақты төлемі келесі айдың бірінші он күндігінде жасалатын есептелген басқа да төлемдер
Банк қызметі бойынша басқа да несие берушілер	3 766	Банк қызметі бойынша ағымдағы айда көрсетілген қызметтер бойынша есептеулер
Демалыс төлемдеріне резерв	1 058	Демалыстар бойынша резерв, оның нақты төлемі демалыстар кезеңінде жасалатын болады
Негізгі емес қызмет бойынша басқа да несие берушілер	8 437	Лизингтің ҚҚС-ы бойынша кредиторлық берешек, банктік емес қызмет бойынша ағымдағы ай үшін шығыстарды есептеу
Кепілдіктер бойынша несие	5 247	Кепілдік міндеттемелері бойынша алдын

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

берушілер		ала төленген комиссия (клиенттер) сомалары
Басқа да транзиттік шоттар	58 735	Анықталғанға дейінгі клиенттердің сомалары, сондай-ақ Western Union жүйесі бойынша аударуға арналған клиенттердің сомалары, әрі олар бойынша есеп айырысулар оқтын-оқтын – аптасына 2 рет жасалып отырады
ЖИЫНЫ:	141 297	

Банктің оның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін келешек міндеттемелері жоқ. Банк ішкі және халықаралық нарықтардан заем қаражатын тартқан жоқ, сондай-ақ оның бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында міндеттемелері жоқ. Бұл ретте Банктің бағалы қағаздарының ұстаушылары алдындағы міндеттемелер, олар орналастырылғаннан кейін, атап айтқанда, осы облигациялық бағдарламаның шегінде келешекте туындайды. Банктің мұндай міндеттемелерінің мөлшері бағалы қағаздар шығарылымдарының тиісті проспектілерінде өз көрінісін табады. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуі мүмкін елеулі келешек міндеттемелердің жоқтығын ескере отырып, облигациялық бағдарламаның аясындағы негізгі қарызды өтеу купондық сыйақыны төлеу бойынша бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында міндеттемелердің туындауы Банк қызметіне теріс әсерін тигізбейді.

мұндай эмитент, облигациялар саны, кепілдік шарттары, өтеу күні мен кепілді шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша кепілдігі.

Банк мұндай кепілдіктер бермеген.

5) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер.

Өздерінің нәтижелері бойынша эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі орын алуы, оған ақшалай және басқадай міндеттемелер жүктелуі мүмкін эмитент қатысуымен болған барлық соттық процесстердің мәнін сипаттау.

Банк өздерінің нәтижелері бойынша эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі орын алуы, оған ақшалай және басқадай міндеттемелер жүктелуі мүмкін сот процесстеріне қатыспайды.

6) соңғы жылдың ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына салған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер.

Санкцияның қолдану күні	Санкция қолданған орган	Санкция қолдану себептері	Санкция түрі мен көлемі	Санкцияның орындалу дәрежесі
2010 жылдың 8 шілдесі	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерін бұзу	айыппұл, 115 939 теңге	Орындалды

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

2010 жылдың 14 шілдесі	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Уәкілетті органға шынайы емес мәлімет (ақпарат) тапсыру	айыппұл, 70 650 теңге	Орындалды
2010 жылдың 14 шілдесі	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Шарттарда сыйақы мөлшерлемесін шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептемеде көрсету бойынша міндеттемелерді орындамау	айыппұл, 70 650 теңге	Орындалды
2010 жылдың 14 шілдесі	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерін бұзу	айыппұл, 58 650 теңге	Орындалды
2010 жылдың 16 шілдесі	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Операциялар мен мәмілелерді банк жөніндегі заңдарды бұза отырып жүзеге асыру	айыппұл, 38 276 теңге	Орындалды
2010 жылдың 3 тамыз	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Уәкілетті органға шынайы емес мәлімет (ақпарат) тапсыру	айыппұл, 141 300 теңге	Орындалды
2010 жылдың 3 тамызы	ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі	Уәкілетті органға құрамында банк жөніндегі заңдарға сәйкес талап етілетін мәліметтер жоқ ақпаратты тапсыру	айыппұл, 141 300 теңге	Орындалды

2009 жыл барысында уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот Банкке және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік санкциялар салған жоқ.

7) тәуекел факторлары. Облигацияларды ұстаушылар тартылатын тәуекел факторларының егжей-тегжейлі талдауын ұсыну керек.

Тәуекелдерді басқару Банк қызметінде маңызды рөл атқарады. Банктің қызметіне тән негізгі тәуекелдер мыналарды қамтиды: кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық, құқықтық, пайыздық, валюталық, операциялық және өзге.

Банк тәуекелдерін басқару үдерісі тәуекелді анықтауды, оны сәйкестендіруді, бағалауды, тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыруды,

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

тәуекелдің қолайлы деңгейін қабылдауды және жиынтық тәуекел деңгейінің сәйкестігіне мониторинг жүргізуді білдіреді.

Тәуекелдер Банкте есептіліктер беру жолымен күн сайынғы, апта сайынғы және ай сайынғы негізде қадағаланып отырады (жиынтық ресурстарды есепке алу ведомості, пруденциалдық нормативтерді орындау, тәуекел-менеджерінің есебі, Директорлар Кеңесінің Төрағасына есеп).

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу және тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығын және қалыпты қызмет атқаруын бақылау Банкте тәуекел-менеджеріне, сондай-ақ Банктің Директорлар Кеңесінің, Басқармасының мүшелеріне жүктеледі.

Директорлар кеңесі ашылған валюталық позициялар бойынша лимиттер және валюталық нетто-позициялар лимитін белгілейді. Басқарма спот операциялары, форвард бойынша позициялар лимиттерін, валютаның әрбір түрі бойынша және барлық валюталар бойынша своптар белгілейді. Басқарма қаржылық құралдар үшін «stop-loss» лимиттерінің өрісін белгілейді.

Өтімділік тәуекелі

Төлемдерді кешіктіруге немесе Банктің төлем қабілеттілігінің жалпы дағдарысына алып келетін талаптар мен міндеттемелер сомаларының қысқа мерзімді және орта мерзімді сәйкес келмеулері.

Банк міндетті өтімділік нормативтерінің орындалуын қамтамыз етеді және күнделікті негізде бақылап отырады, сондай-ақ нормативтердің мәндерін берілген шектерде ұстап тұруға мүмкіндік беретін өтімділіктің міндетті нормативтерін болжамдау және ағымдағы бақылау әдістемелерін пайдаланады.

Банктің өтімділік жағдайын талдау күнделікті, апта сайынғы және ай сайынғы негізде жүргізіледі. Банк Басқармасы, Активтер мен міндеттемелерді басқару жөнінде комитет және Қазынашылық Басқармасы өз құзыреттерінің шектерінде өтімділікті талдау мен бағалаудың жоғарыда сипатталған әдістерінің бүкіл жиынтығының нәтижелерін пайдалана отырып, өтімділікті басқаруға қатысты шешімдер қабылдайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – банктің өз қызметін жүзеге асыруы кезінде шетелдік валюталардың бағамының өзгеруімен байланысты ысыраптың туындау тәуекелі. Тәуекелдің бұл түрінен қорғау Банктің кредиттік қызметінде аса көкейкесті болады, өйткені кредиттік операциялар банк үшін өте пайдалы болып табылады және, тиісінше, Банк активтерінің елеулі бөлігі нақ кредиттерге орналастырылған. Жоғалту тәуекелі банктің позицияларын валюталар бойынша құндық көрінісінде қайта бағалауға байланысты туындайды. Валюталық тәуекелдерді төмендетуге ашылған позициялар лимиттерін және саудаға түсетін құралдардың әрқайсысы бойынша «stop-loss» лимиттерін белгілеу жолымен қол жеткізіледі.

Пайыздық тәуекел

Сыйақы ставкаларының жағымсыз өзгеруінің салдарынан ысыраптың пайда болу тәуекелі. Пайыздық тәуекелді барынша төмендету және/немесе оған жол бермеу мақсатында Банк мынадай әдістерді пайдаланады: пайыздық теңдессіздіктерді (пайыздық GAP) басқару; өтеудің орташа өлшенген мерзімдерін (уақыттық GAP) басқару; Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет пайыздық тәуекелге бейім активтерге лимиттер белгілейді. Қайта қаржыландыру ставкаларының өзгеруі тәуекелінен қорғану

үшін Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитеттің қаражаттарды ставкаларға байланысты қайта бөлу ұсынылатын ұсынымдары пайдаланылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел қарызгердің немесе басқа тараптың Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде қаржылық ысыраптардың болу тәуекелін білдіреді.

Кредиттік тәуекелді және оған теңестірілген берешекті бағалау үшін Банк кредиттік тәуекелдің көздерін анықтайды: кредиттік портфельге құрылымдық талдау; Банктің кредиттік портфелінің сапасына жүйелік талдау; активтік операцияларды кеңейтудегі перспективалы үрдістерді талдау жүргізіледі; кредиттік өтінімдерді талдау және клиенттерді мониторингтеу кезеңінде контрагент бойынша кредиттік тәуекел бағаланады. Оның көмегімен кредиттік тәуекелдерді реттеу жүзеге асырылатын маңызды құрал несиелік және оған теңестірілген берешек бойынша мүмкін залалдарға арналған резерв болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің несиелер сапасын бағалауға қоятын жаңа, неғұрлым қатаң талаптарына сәйкес Банк тәуекелдің шынайы дәрежесімен салыстыруға болатын резервтер құрады.

Кредиттік тәуекелді азайту және сапалы түрде басқару мақсатында ай сайынғы негізде кредиттік тәуекелге талдау жүргізіледі (тәуекел-менеджерінің есебі және Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитетінің отырыстары), тұрақты негізде кредиттік тәуекел бойынша барлық белгіленген лимиттердің сақталуы қадағаланады.

Контрәріптестер – банк-контрагенттер тәуекелі

Тәуекелдің бұл түрін FOREX, DEPO және корреспонденттік операцияларға баланстық деректердің, басқару есептілігінің негізінде лимиттер белгілеу жолымен ай сайын қадағалап отырады. Банк-контрагенттер бойынша қосымша ай сайынғы негізде Standart&Poors, Moody's, Fitch халықаралық рейтинг агенттіктерінің ресми акпараты қадағаланып отырады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық параметрлердің (валюталық бағам, сыйақы ставкасы, қаржы құралдарының құны) жағымсыз өзгерісімен байланысты шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі.

Нарықтық тәуекелдерді басқару үшін Банк мыналар пайдаланылады:

- Тәуекелдерді бағалау мен басқару және қор құндылықтарымен операцияларды жүргізу функцияларын Банктің бөлімшелерінің арасында бөлу.
- Қор құндылықтарына салымдар сомасын ашылған позицияларға лимиттер белгілеу арқылы шектеу.
- «Stop-loss» лимиттерін қою арқылы ысырыптарды шектеу – белгілі бір уақыт аралығында белгіленген мөлшермен қор құндылықтарымен жасалатын операциялардан Банктің залалдарының мөлшерін шектеу.
- Қабылданған тәуекелдерді тұрақты негізде бағалау.

Операциялық тәуекел

Ішкі үдерістердің, адамдардың, жүйенің немесе сыртқы міндеттемелердің жетіспеушілігі немесе іркілісі секілді факторлардың нәтижесінде туындайтын тікелей немесе жанама залал тәуекелі.

Банкте операциялық тәуекелді басқару шарттарды жасасу және оларды іске асыру функцияларын бөлу жолымен құжаттардың өту технологиясын жетілдіруден, операциялар мен төлемдердің жүргізілуін бақылаудан, есептіліктің дер кезінде берілуін және оның толтырылу дәлдігін қатаң бақылаудан, қаржылық немесе өзге сипаттағы фактілер туралы толық және уақтылы ақпаратты жинаудан, Банктің транзакцияларды ресімдеу дұрыстығын ішкі және сыртқы аудиторлардың тексеруінен, сондай-ақ компьютерлік

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді тұрақты жоспарлы диагностикалаудан тұрады.

Елдік тәуекел

Тәуекелдің бұл түрі кез келген басқа мемлекеттің немесе кез келген басқа мемлекеттің резидентінің елдегі дефолттың салдарынан төлеуге қабілетсіздігімен немесе өз міндеттемелерін орындағысы келмеуімен байланысты болуы мүмкін. Елдік тәуекелді тиімді мониторингтеу мақсатында саяси тұрақтылық, ЖІӨ көлемі, инфляцияның, девальвацияның, мемлекеттің сыртқы қарызының, алтын-валюталық қорларының деңгейі, ақша массасының жағдайы секілді индикаторлар талданады.

Беделдік тәуекел

Банкке қатысты жағымсыз қоғамдық пікірдің туындауынан немесе сенімнің төмендеуінен қорғану мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- Банктің екінші деңгейдегі банктерге қойылатын барлық қажетті нормативтерді орындауы.
- клиенттердің шоттары бойынша операцияларды жүргізу дәлдігін тұрақты бақылау;
- қызметкерлердің сыртқы келбетін және клиенттерге қызмет ету сапасын бақылау;
- Банк қызметкерлерін өздерінің лауазымдық міндеттемелерін білуі және Банкте жұмыс істеу үшін қажетті жалпы дайындығы бойынша жыл сайынғы аттестациядан өткізу.

8) эмитенттің қызметі туралы, оларда эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

Банктің қызметі туралы, оларда ол өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат жоқ.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

Материалды емес активтердің атауы	01.07.2010 ж жағдай бойынша баланстық құны, мың теңге
Oracle бағдарламалық жасақтамасын пайдалануға лицензия	6 444
BanksGate 2.0 бағдарламалық жасақтамасы	360
Win RUT Desktoг лицензиялары	1 115
Win Rut Desktoг Servises лицензиялары	377
Windows Server Standrt лицензиялары	645
Win PRO RUS лицензиялары	300
БАРЛЫҒЫ:	9 241

Материалдық емес активтер тобының бастапқы құны - 34 778 мың теңгені құрайды, Жинақталған тозу - 22 945 мың теңге,
01.07.2010 ж жағдай бойынша баланстық құны. – 11 833 мың теңге.

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

Негізгі құралдардың атауы	01.07.2010 ж жағдай бойынша баланстық құны, мың теңге
Әкімшілік ғимарат Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 181-а	247 218
Әкімшілік ғимарат Алматы қ., Гоголь к-сі, 95/70	254 772
Жер учаскесі Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 181 - а	330 032
БАРЛЫҒЫ:	832 032

Негізгі құралдардың бастапқы құны - 1 784 100 мың теңге,
 Жинақталған тозу – 754 338 мың теңге,
 01.07.2010 ж. жағдай бойынша негізгі құралдардың баланстық құны - 1 029 762 мың теңге.

32. Инвестициялар.

Инвестициялардың түрлері	мың теңге	
	01.07.2010 ж.	01.07.2010 ж. баланстық құн бойынша қалдық
Басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар	0	
Басқа заңды тұлғалардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар	200	
Сатуға арналған бағалы қағаздар портфелі, барлығы:	0	
Мемлекеттік бағалы қағаздар		
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар		
Өзге бағалы қағаздар, барлығы:	2 157 095	
оның ішінде:		
Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар:	0	
Мемлекеттік бағалы қағаздар		
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар		
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар:	2 157 095	
Мемлекеттік бағалы қағаздар	2 052 095	
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар	105 000	
БАРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР:	2 157 295	

Басқа заңды тұлғалардың капиталына жасалатын ұзақ мерзімді инвестицияларға мыналар жатады:

Бенефициардың атауы:	01.07.2010 ж жағдай бойынша баланстық құны бойынша қалдық	мың теңге	
		Төлем мақсаты	
«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ	200	Акционерлік капиталға инвестициялар, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның бір акциясын сатып алу	

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

33. Дебиторлық берешек.

Бұл тармақта эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымдардың атауларын көрсете отырып, дебиторлық берешектің құрылымы, не эмитенттің неғұрлым ірі дебиторларының тізімі ашып көрсетіледі.

Банк алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешегі бар ұйымдар.

№	Назначение платежа	Поставщик	Сумма платежа
1	Жөндеу - құрылыс жұмыстары	«Акцент» ЖШС	24 706 892 теңге
2	IBSO бағдарламалық жасақтамасын орнату қызметтері	«Серойд» ЖК	16 650 000 теңге
3	IBSO бағдарламалық жасақтамасына лицензия	«ENTER OF FINANCIAL TECHNOLOGIES INC»	89 333 АҚШ доллары

33-1. Эмитент міндеттемесінің қамтамасыз етілуі болып табылатын, сондай-ақ әрбір активтің құнын және тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күнді көрсете отырып сенімгерлік басқаруға берілген эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

Банкте міндеттемесінің қамтамасыз етілуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілген активтер жоқ.

34. Эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері.

01.07.2010 жылғы жағдай бойынша:

Жарғылық капиталдың мөлшері 3 676 738 мың теңгені құрайды.

Меншікті капиталдың мөлшері 6 111 086 мың теңгені құрайды.

35. Заемдар. Қолданыстағы банк заемдары мен кредит желілері туралы ақпарат.

Банкте қолданыстағы банк заемдары мен кредит желілер жоқ.

36. Эмитенттің негізгі қызметті жүзеге асыруымен байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер арасындағы берешек, алынған аванстар).

Бұл тармақта эмитенттің оның алдында кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан астам пайызы мөлшерінде кредиторлық берешегі бар ұйымдардың атауларын және берешек сомасын көрсете отырып, кредиторлық берешектің құрылымы, не эмитенттің бірінші он неғұрлым ірі кредиторларының тізімі ашып көрсетіледі.

Жалпы кредиторлық берешектің 5%-нан асатын сомадағы кредиторлық берешек банкте жоқ. Ірі кредиторлар жоқ.

36-1. Соңғы аяқталған үш қаржылық жылдың ішінде эмитент алған (шеккен) таза табыстың (залаалдың) мөлшері (үш жылдың әрбірінің қорытындылары бойынша).

мың теңге		
01.01.2008 жыл	01.01.2009 жыл	01.01.2010 жыл
343 088	241 790	597 577

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

36-2. Левередж.

Бұл тармақта соңғы үш аяқталған қаржылық жылдардың бірінші күніндегі, сондай-ақ облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарламаны) берудің алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша эмитенттің левереджінің мөлшері көрсетіледі.

атауы	01.01.2008	01.01.2009	01.01.2010	01.07.2010
Жалпы міндеттемелер, мың.теңге	2 794 390	2 013 244	4 476 212	4 003 455
Меншікті капитал, мың.теңге	3 691 687	3 786 793	5 756 280	6 111 086
Левередж*	0,757	0,532	0,778	0,655

*Левередж эмитент міндеттемелерінің мөлшері мен меншікті капиталының арасындағы ара қатынас ретінде айқындалады.

36-3. ҚР ҚҚА Басқармасының 29.04.2009 ж. № 89 қаулысына сәйкес шығарылған.

36-4. Эмитент қызметі нәтижесінде соңғы аяқталған екі қаржы жылының бірі бойынша аудиторлық есеппен расталған қаржылық есебіне сәйкес тапқан ақша қаражаттарының таза ағындары көрсетіледі.

2009 қаржылық жыл бойынша ақша қаражаттарының таза ағындары аудиторлық есепке сәйкес келесідей бейнеленеді:

Ақша қаражаттарының таза ағындары тармағының атауы	Таза ақша ағындары, мың теңге
Операциялық қызмет нәтижесінде тапқан ақша қаражаттарының ағындары (түсімдер)	413 189
Инвестициялық қызмет нәтижесінде тапқан ақша қаражаттарының ағындары (шығындар)	(107 518)
Қаржылық қызмет нәтижесінде тапқан ақша қаражаттарының ағындары (түсімдер)	1 383 083
Бір жыл бойынша ақша қаражаттарының таза өсімі	1 688 754

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

37. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін эмиссиялық бағалы қағаздардың барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) әрбір шығарылымдағы облигациялардың жалпы саны, түрі және номиналды құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, негізгі қарыздың сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, қайта сатып алу күнін көрсете отырып, қайта сатылып алынған облигациялар саны.

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және мұндай шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні.

Облигациялардың бірінші шығарылымы (өтелген)

Шығарылатын облигациялар түрі	Атаулы купондық облигациялар
облигациялардың жалпы саны	1 000 дана
орналастырылған облигациялар саны	500 дана
бір облигацияның номиналды құны	156 000 теңге
айналу мерзімі	4 жыл
айналыстың басталған күні	16.08.2001
өтеу күні	16.08.2005
орналастыру кезінде тартылған ақша көлемі	80 037 836,66 теңге
негізгі қарыздың сомасы	78 000 000 теңге
сатып алынған облигациялар саны, сатып алу күні	140 дана, оның ішінде: - 100 данасы 08.10.2004ж. сатып алынған - 20 данасы 12.10.2004 ж. сатып алынған - 20 данасы 20.10.2004 ж. сатып алынған
есептелген сыйақы сомасы	шығарылым толықтай өтелген
төленген сыйақы сомасы	14 864 334,81 теңге
Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні	№ А39, 31 шілде 2001 жыл

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі және номиналды құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы. Айналыста жүрген, сатып алынған акциялардың соңғы күнгі сатып алу бағасы көрсетілген саны. Акцияларды сатып алу әдістемесін бекіту күні. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және мұндай шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні.

Артықшылықты акциялар шығару: Банк артықшылықты акциялар шығармаған.

Жай акциялар шығару:

Түрі	Жай акциялар
Жарияланған акциялар саны	4 000 000 дана
құрылтайшылар/акционерлер төлеген акциялардың номиналды құны	1 000 теңге
акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы	3 676 738 000 теңге
айналыста жүрген акциялар саны	3 676 738 дана
Орналастырылмаған акциялар саны	323 262 дана
сатып алынған акциялар саны	сатып алынған акциялар жоқ
соңғы күнгі сатып алу бағасы	жоқ
акцияларды сатып алу әдістемесін бекіту күні	акционерлердің Жалпы жиналысы 2006 жылғы «28» сәуірде бекіткен
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган	Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі
мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні	№ А0009, 31.03.2009 жыл

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

3) эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіруі), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіруі)) фактілері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері мен мұндайларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылардың сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша бөлек).

Банкте бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерді орындамау фактілері жоқ.

4) егер бағалы қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылса немесе болмады деп танылса не жойылса, осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, шешім қабылдау негіздемесі және күні көрсетіледі.

Банкте тоқтатылған немесе жойылған деп танылған бағалы қағаздар шығарылымдары жоқ.

5) әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақы төлеу күндері, төленуге жататын сомалар, өтеу күндері және әрбір шығарылым бойынша өтеуге жататын сомалар:

Облигациялардың бірінші шығарылымы (өтелген)

Сыйақы төлеу күндері	Облигациялардың айналыс кезеңі үшін төленген сыйақы сомасы, теңге	Сатып алу күні	Сатып алу сомасы, теңге	өтеу күні	өтеу кезінде негізгі қарыздың төленген сомасы, теңге
16.02.2003	2 998 242,38				
16.08.2003	2 833 290,53				
16.02.2004	2 699 194,39	08.10.04	13 363 457,83		
16.08.2004	2 622 540,29	12.10.04	2 666 318,06		
16.02.2005	1 824 095,73	20.10.04	2 645 604,14		
16.08.2005	1 886 971,49			16.08.2005	48 696 038,52
БАРЛЫҒЫ:	14 864 334,81		18 675 380,03		48 696 038,52

6) соңғы екі қаржылық жылдың әрбір жылы үшін немесе нақты қызмет ету кезеңі үшін бір акцияға келетін (жай артықшылықты) дивидендтің мөлшері, есептелген дивидендтер сомасы мен төленген дивидендтер сомасын көрсете отырып.

Дивидендтерді соңғы рет есептеу және төлеу 2006 жылдың тоғыз айының (қаңтардан қыркүйекке дейін) қорытындылары бойынша жүргізілді, бұл ретте дивидендтер төлеу жүзеге асырылған акционерлер саны 28 жеке тұлғаны құрады.

	2006 жылдың 9 айы үшін	2008 жыл	2009 жыл
Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер сомасы, теңге	207 900 000	Дивидендтер есептелген жоқ	Дивидендтер есептелген жоқ
Жай акциялар бойынша төленген дивидендтер сомасы, теңге	176 715 000	Дивидендтер төленген жоқ	Дивидендтер төленген жоқ
Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер бойынша есептелген және төленген салықтың сомасы, теңге	31 185 000	-	-

7) сауда ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтар.

2010 жылдың «01» қыркүйегіндегі жағдай бойынша эмитенттің бағалы қағаздары ұйымдасқан нарықтарда саудаланбайды, Банк акцияларын сату бағалы қағаздары ұйымдаспаған нарықта жүзеге асырылады.

8) бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенант) бұзу кезінде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарды іске асыру тәртібін көрсете отырып.

Облигацияларды ұстаушыларға мынадай құқықтар берілді:

- облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген мерзімде номинал құнды алу құқығы;
- облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген мерзімде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдай мен тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларды меншіктен шығару және өзге тәсілмен иелену құқығы;
- облигацияға меншік құқығынан шығатын өзге құқықтар.

Банктің облигациялар шығару Проспектісінде шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

Ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын іске асыру тәртібінің қосымша шарттары көзделмеген.

7.ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды (38-41-тармақтар).

8.ҚОСЫМША АҚПАРАТ

41-1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде мыналар көрсетіледі: басталуы кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін және мұндай шарттарда облигацияларды ұстаушылар облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ете алатын оқиғалар.

Банктің облигациялары бойынша дефолт осы облигациялық бағдарламаның шектерінде облигацияларды шығару проспектісінде белгіленетін төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 20(жиырма) күнтізбелік күннің ішінде

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТИСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номинал құнды және соңғы купондық сыйақыны төлемеген немесе толықтай төлемеген жағдайда басталады.

Дефолт басталған жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті көтеретін болады.

Банк өз міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамағаны үшін, егер ол бой алдырмайтын күш жағдайының салдары болып табылса, босатылады. Бой алдырмайтын күш жағдайлары байқап білу немесе алдын алу мүмкін болмаған (табиғи апаттар, соғыс әрекеттері және т.с.) жағдайлардың басталуын білдіреді. Бой алдырмайтын күш жағдайлары басталған кезде Банктің өз міндеттемелерін орындау мерзімі оның барысында осындай жағдайлар және олардың салдарлары жалғасатын уақытқа мөлшерлес алға жылжытылады.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайы болғандағы эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы кезінде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері.

Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын сақтау және қорғау мақсатында, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, Банк инвесторлардың шектелмеген тобының арасында облигацияларды орналастырған кезде кез келген мүдделі тұлғалардың алдында мынадай ақпаратты ашып көрсетеді:

- 1) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде қамтылған;
- 2) аукциондарды және Банктің бағалы қағаздарына жазылуды жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатта қамтылған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға ұсынылатын есептерде қамтылған;
- 4) қаржылық есептілікке қосылған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ашылып көрсетілуге жататын өзге де ақпарат.

Ақпараттың ашылып көрсетілуі:

- 1) уәкілетті органға облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын ақпаратты ұсыну;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушыға осы сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты ұсыну;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жария ету арқылы жүзеге асырылады.

Облигациялардың айналысы кезеңінде Банк уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушылардың алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын оның қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Бұл ретте облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер ретінде мыналар танылады:

- 1) Банк органдары құрамының өзгеруі;
- 2) Банктің дауыс беруші акцияларының (үлестерінің) он және одан артық пайызына иелік ететін акционерлер құрамының өзгеруі;
- 3) Банктің, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

- 4) Банк мүлкіне тыйым салынуы;
- 5) Банктің лицензияны алуы, тоқтата тұрылуы немесе айырылуы;
- 6) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері;
- 7) Банк әрбір мұндай ұйым акцияларының он және одан артық пайызына (үлестеріне, пайларына) иелік ететін ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер.

Облигацияларды ұстаушылардың мүдделеріне қатысты болатын Банк қызметіндегі өзгерістер олар туындаған сәттен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жария ету арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізіледі.

Облигациялар ұстаушылар алдындағы сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе дер кезінде орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасына орай есептелетін өсімпұл кешіктірудің әрбір күніне есептеледі.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Банк дефолтты тудырған себептерді жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Эмитенттің дефолттың басталу фактілері туралы ақпаратты ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімдері және тәсілдері.

Дефолт басталған жағдайда Банк 10 (он) жұмыс күнінің ішінде «Қазақстанның қор биржасы» АҚ - www.kase.kz және «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ - www.asiacreditbank.kz ресми сайттарында мынадай мазмұндағы хабарламаларды орналастыру арқылы хабарландыруға міндеттенеді:

- дефолт фактісі туралы ақпарат;
- дефолт күніндегі Банктің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- міндеттемелердің орындалмау себептері;
- Банктің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Эмитентке, эмитент облигациялар жөніндегі міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттері.

Осы облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығару проспектілерімен көзделген мерзімде облигацияларды өтеу кезінде сыйақы және/немесе негізгі қарызды төлеу жөніндегі облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушы мыналарға құқылы болады:

- Банкке міндеттемелерді орындау туралы жазбаша талап жіберу. ҚР Азаматтық кодексінің 722-бабына сәйкес заем сомасын Банк облигацияларды ұстаушы осындай талапты қойған күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде қайтаруы тиіс;
- Банк облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы жазбаша талапты алған күннен бастап аталған мерзімнің (30 күннің) ішінде ол қанағаттандырылмаса немесе аталған мерзім аяқталғанға дейін облигацияларды ұстаушы Банктен оны қанағаттандырудан бас тарту алса, ол Банкке қатысты оның міндеттемелері бойынша сотқа арыз беруге құқылы.

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

Дефолт болған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар Банктен ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес облигацияларды өтеу кезінде купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды дер кезінде төлемегені үшін пайыздар төлеуді талап етуге құқылы.

Егер аталған ақпаратты ашу өзге заңды тұлғаға тапсырылса, осы тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.

Банктің аталған ақпаратты ашуы өзге заңды тұлғаға тапсырылмаған.

Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде концессиялық шарттың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері көрсетіледі.

Банктің облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

Тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарттың күні мен нөмірі.

«Центр ДАР» Акционерлік қоғамы (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі берген 2000 жылғы «06» қазандағы № 0406200162 лицензия).

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 050012, Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 565-8, тел.: 8 (727) 239-11-42.

Шарттың күні мен нөмірі: Қызметтер көрсетуге арналған 2001 жылғы «21» наурыздағы №110 шарт.

42. Облигациялар айналысына шектеулер.

Облигациялар айналысының кез келген шектеулері, орналастырылатын облигацияларды мүмкін сатып алушыларға қатысты шектеулер, соның ішінде олардың арасында облигацияларды орналастыру көзделетін адамдар шеңбері көрсетіледі.

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ шығаратын облигациялардың айналысында, орналастырылатын облигациялардың мүмкін сатып алушыларыға қатысты шектеулер жоқ.

43. Эмитенттің облигациялар шығарылымына жұмсайтын шығындар сомасы және бұл шығындардың қалайша төленетін туралы ақпарат.

Шығындардың атауы	Есептеу базасы
Облигацияларды “Қазақстанның қор биржасы” АҚ ресми тізіміне енгізу үшін кірудің листингтік алымы	облигациялар шығарылымының номиналды құнының 0,025%
Листингтік алым (жыл сайынғы)	шығару көлемінен 0,025% (бағалы қағаздардың Биржада айналуының әрбір жылы үшін)
Маркет-мейкер қызметтері	шартқа сәйкес
Тіркеушінің қызметтері; «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қызметтері	шартқа сәйкес
Қаржы консультантының, андеррайтердің қызметтері	шартқа сәйкес

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІСІ АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

Аудит жүргізу	шартқа сәйкес
Үстеме шығыстар	шартқа сәйкес

Облигацияларды шығарудың және орналастырудың арлық шығындары эмитенттің ағымдағы шығындарының есебінен қолма-қол ақшасыз нысанда теңгемен төленетін болады.

44. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының проспектісімен, эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарында облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен таныса алатын орындар туралы ақпарат.

Әлеуетті инвесторлар Банктің жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығару проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен мына жерлерде таныса алады:

- «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ бас офисінде, орналасқан мекен-жайы: индексі 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 95/70;
- «Asia Capital» Басқарушы компаниясы» АҚ офисінде, орналасқан мекен-жайы: индексі 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 181-а;
- «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ ресми сайтында: www.asiacreditbank.kz
- «Қазақстанның қор Биржасы» АҚ ресми сайтында: www.kase.kz, «Эмитенттер» бөлімінде.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

М.О.



Сундетов А. С.

Ивченко О. М.

Прошнуровано,
Пронумеровано
на 223 листах



“Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын”
реттеу мен қадағалау агенттігі”
ТІРКЕДІ
2019 ж. 11 ақпанында

